Әділет

# Шикі мұнайға әкетілетін кедендік баждарды қолдану мәселесі бойынша ұсыныстар әзірлеу үшін жұмыс тобын құру туралы

## *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2008 жылғы 29 шілдедегі N 203-ө Өкімі. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2010 жылғы 6 тамыздағы N 110-ө Өкімімен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің 2010.08.06 N 110-ө Өкімімен.

"Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан шикі мұнай мен мұнайдан жасалған тауарларды әкету кезінде кедендік баждарды алу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 15 қазандағы N 1036 қаулысына сәйкес алынатын жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттар бойынша өндірілген шикі мұнайға әкетілетін кедендік баждарды қолдану мәселесі бойынша ұсыныстар әзірлеу мақсатында:

1. Мынадай құрамда жұмыс тобы (бұдан әрі - жұмыс тобы) құрылсын:

| | |
|---|---|
| Ерғожин Дәулет Еділұлы | - Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі, жетекші |
| Айтжанова Жанар Сейдахметқызы | - Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда вице-министрі, жетекшінің орынбасары |
| Қажымова Мәдина Маратқызы | - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің энергия ресурстарына кедендік бақылауды ұйымдастыру басқармасы инвестициялық келісім-шарттар шеңберінде өткізілетін тауарларға кедендік бақылауды ұйымдастыру бөлімінің бас маманы, хатшы |
| Бекетаев Марат Бақытжанұлы | - Қазақстан Республикасының Әділет вице-министрі |
| Қиынов Ләззат Кетебайұлы | - Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар вице-министрі |

Қонақаев Саяхат Алпысұлы - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Жер қойнауын пайдаланудағы тікелей инвестициялар департаментінің директоры

Күшікова Жанел Сабырқызы - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Сауда саясатын дамыту департаментінің директоры

Сәлімгереев Мәлік Жаңабайұлы - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Мұнай өнеркәсібін дамыту департаментінің директоры

Досмұратова Нұргүл Ғинаятоллақызы - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитеті энергия ресурстарына кедендік бақылауды ұйымдастыру басқармасының бастығы

Жәлиев Бексұлтан Айғаниұлы - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Мұнай өнеркәсібі департаменті мұнайды тасымалдау мониторингі және жаңа мұнай жобаларын дамыту басқармасының бастығы

Күлгінов Алтай Сейдірұлы - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Заңға тәуелді актілер департаменті заңға тәуелді актілерді талдау және әзірлеу басқармасының бастығы

Мұқай Ерлан Баққожаұлы - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті мамандандырылған басқармасының бастығы

Асхатов Рафкат Анғасынұлы - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің энергия ресурстарына кедендік бақылауды ұйымдастыру басқармасы энергия ресурстарына кедендік бақылауды ұйымдастыру бөлімінің бастығы

Данабеков Олжас Қайратұлы - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Заңға тәуелді актілер

департаменті инфрақұрылым өнеркәсібі және агроөнеркәсіптік кешен мәселелері бойынша заңға тәуелді актілерді сараптау бөлімінің бас сарапшысы

Жанбекова Балжан Боранбайқызы - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің энергия ресурстарына кедендік бақылауды ұйымдастыру басқармасы инвестициялық келісім-шарттар шеңберінде өткізілетін тауарларға кедендік бақылауды ұйымдастыру бөлімінің бастығы

Тәшенов Жоламан Әбекешұлы - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Жер қойнауын пайдаланудағы тікелей инвестициялар департаменті келісім-шарттар басқармасының бас сарапшысы

Төлегенов Ертөле Қабдоллаұлы - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитеті мамандандырылған басқарманың бас сарапшысы

Жаудина Асыл Темірғалиқызы - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитеті мамандандырылған басқарманың сарапшысы.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі 2008 жылғы 1 тамызға дейінгі мерзімде жұмыс тобының карауына жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттардың түпнұсқаларын немесе нотариалды куәландырылған көшірмелерін ұсынсын.

3. Жұмыс тобы 2008 жылғы 1 қазанға дейінгі мерзімде жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір келісім-шарт бойынша шикі мұнайға әкетілетін кедендік баждарды қолдану мәселесі бойынша ұсыныстар әзірлесін және Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін.

4. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне жүктелсін.

*Премьер-Министр К. Мәсімов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК